

# Бейнелеу өнері

7

Жалпы орта білім беретін мектептердің  
7-сыныбына арналған оқулық

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі  
баспаға ұсынған

Жаңа басылым



Ташкент – 2022

УУК 75(075.3)

ББК 85.14я72

Б 38

*Құрастырушылар:*

Асқарали Сулаймонов, Сакина Мухамеджанова,  
Зилола Сулаймонова, Дилшоджон Хайтметов

*Пікір жазғандар:*

**Ботир Байметов** – Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты Бейнелеу өнері кафедрасы профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Өзбекстан Көркемөнер шығармашылық одағының мүшесі

**Руслан Халилов** – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті Бейнелеу өнері кафедрасы менгерушісі, доцент.

**Барно Юнусова** – Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі жанындағы Республикалық білім орталығы бейнелеу өнері және сызу пәндері әдіскері.

**Саодат Мансурова** – Ташкент қаласы Юнусобод ауданындағы 274- жалпы орта білім беретін мектептің бейнелеу өнері және сызу пәні оқытушысы.

**Шохиста Турсунова** – Ташкент облысы Ташкент ауданындағы 15-жалпы орта білім беретін мектептің бейнелеу өнері және сызу пәні оқытушысы.

Бейнелеу өнері [Мәтін]: 7-сыныбына арналған оқулық / А. Сулаймонов [т. б.] – Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2022. – 128 б.

ISBN 978-9943-8373-5-5

УУК 75(075.3)

ББК 85.14я72

## Шартты белгілер:



Практикалық жұмыс



Өтілген тақырып бойынша бақылау сұрақтары



Үйге тапсырма



Тақырыпқа қатысты қызықты мәліметтер

*Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды.*

*Түпнұсқа макет пен дизайн концепциясын  
Республикалық білім орталығы жасады.*

ISBN 978-9943-8373-5-5

© Республикалық білім орталығы, 2022

# М А З М Ұ Н Ы

<div style="font-size: 48px; font-weight: bold; color: white; background-color: #8B734D; padding: 20px; display: inline-block;">1</div> <div style="margin-left: 10px;"> <p><b>-ТОҚСАН</b></p>    </div>	<p><b>1-тақырып.</b> Бейнелеу өнерінде рәміздік белгі мен геральдика</p>	7
	<p><b>2-тақырып.</b> Өнер фестивалі, спорттық жарыс логотипін жасау</p>	11
	<p><b>3-тақырып.</b> Бейнелеу өнерінде ағым мен бағыттар. Импрессионизм және постимпрессионизм</p>	15
	<p><b>4-тақырып.</b> Пуантилизм тәсілінде пейзаж жасау</p>	20
	<p><b>5-тақырып.</b> Пуантилизм тәсілінде натюрморт жасау</p>	25
	<p><b>Бақылау жұмысы</b> Пуантилизм тәсілінде пейзаж (немесе натюрморт) жасау</p>	30
<p><b>6-тақырып.</b> Кубизм әдісінде натюрморт жасау</p>	31	

<div style="font-size: 48px; font-weight: bold; color: white; background-color: #C8A24D; padding: 20px; display: inline-block;">2</div> <div style="margin-left: 10px;"> <p><b>-ТОҚСАН</b></p>  </div>	<p><b>7-тақырып.</b> Графикалық бағдарламалар құралымен (көмегінде) кітап мұқабасы дизайнын жасау</p>	38
	<p><b>8-тақырып.</b> Кітап иллюстрациясы</p>	42
	<p><b>Бақылау жұмысы.</b> Әдебиет сабақтарында үйренген тақырыптардың біріне иллюстрация жасау</p>	51
	<p><b>9-тақырып.</b> Шрифттік-графикалық композиция</p>	52
<p><b>10-тақырып.</b> Коллаж техникасында кескін жасау</p>	57	



<b>11-тақырып.</b> Мүсіншілікте портрет	65
<b>12-тақырып.</b> Мүсіншілік материалдардан декоративтік бұйымдар жасау	68
<b>13-тақырып.</b> Ландшафт дизайны үшін функционалдық-декоративтік мүсінше жасау	72
<b>14-тақырып.</b> Мүсіншілікте декоративтік панно жасау. Рельеф	76
<b>Бақылау жұмысы.</b> Пластилин немесе лайдан еркін тақырыпта рельефтеріздес композиция жасау	80
<b>15-тақырып.</b> Өзбекстанның қолданбалы әшекей өнеріндегі рәміздік пішіндер	81
<b>16-тақырып.</b> Ислимий өрнек жасау	86



<b>17-тақырып.</b> Дизайн өнері	90
<b>18-тақырып.</b> Архитектурада композиция. Интерьер дизайны	94
<b>19-тақырып.</b> Архитектурада композиция. Экстерьер дизайны	99
<b>20-тақырып.</b> Архитектура ортасында граффити композициясы	105
<b>Бақылау жұмысы.</b> “Спорт жарыстары” тақырыбында қабырға бейне-граффити үшін композиция жасау	110
<b>21-тақырып.</b> “Қиялымдағы қала” тақырыбында архитектуралық композиция жасау	111
<b>22-тақырып.</b> Фотографияда композиция	120

# А Л Ғ Ы С Ө З

Құрметті оқушы! Саған ұсынылып жатқан бұл жаңа ұрпақ оқулығында бейнелеу өнерінің түрлері, жанрлары, ағым мен бағыттары, шығармашыл суретшілер, дизайн, композициялық қызметі, кітап өнері туралы мәліметтермен танысасың. Бейнелеу өнері сабақтарында алған білімдерің, меңгерген практикалық компетенцияларың кәсіп таңдауыңда саған жақыннан көмек береді. Мұның үшін сен оқулықтағы тақырыптарды құнтпен меңгеруің, практикалық тапсырмаларды орындап, өз өнеріңді арттырып баруың қажет болады. Бұл оқулық шығармашылық қызметпен байланысты болған суретшілік, мүсіншілік, дизайнерлік, сәулеткерлік сияқты кәсіптерді көз алдыңа елестету үшін қажетті дерек міндетін өтейді деп үміттенеміз.



# 1-

ТОҚСАН



1-  
тақырып

# БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ РӘМІЗДІК БЕЛГІ МЕН ГЕРАЛЬДИКА

Бейнелеу өнерінде рәміздік белгілерді суреттеумен байланысты қызмет түрі “геральдика” (немісше “Heraldik”, французша “heraldique”, грекше “heraldus” деп аталады. Түрлі фирма, министрлік, концерн, комитет және ұйымдардың эмблемалары, мемлекеттердің гербтері (елтаңба) бейнесі де геральдика үлгісі болып есептеледі.

Алғашқы елтаңбалар біздің дәуірімізге дейінгі үшінші мыңжылдықта пайда болған. Елтаңба негізінен жануарлар және құстар бейнесінен пайдаланылған. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында да аңызға айналған Хумо құсы бейнеленген.



1-сурет. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы және Өзбекстан Олимпиада комитетінің эмблемасы



2-сурет. Өзбекстан Республикасы Ішкі істер министрлігі эмблемасы



3-сурет. Ресей Федерациясының мемлекеттік елтаңбасы



4-сурет. Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы



5-сурет. Финляндияның мемлекеттік елтаңбасы

Геральдиканың маңызды салаларының бірі – рәміздік белгілер, эмблемалар да бейнелеу өнерінің графика түрі үлгілері саналады. Әсіресе, дүниежүзіне әйгілі концерндер, автомобиль өнеркәсіп кәсіпорындары өздерінің өнімдері үшін бренд міндетін атқарушы эмблемаларға ерекше назар аударған (6-сурет).



**Audi**



6-сурет. Дүниежүзіне әйгілі автоконцерндердің эмблемалары





7-сурет. Рәміздік мағынаны білдіруші эмблемалар



8-сурет. Эмблема жасау кезеңдері



Мектеп (сынып, фирма) эмблемасын жасау.



1. Геральдика сөзі қайсы тілден алынған және қандай мағынаны білдіреді?
2. Алғашқы елтаңбалар қашан пайда болған?
3. Кімдерде және қайсы кәсіп иелерінде жеке елтаңбалары болған?



Өздігінен фирма эмблемасын жасау.



- ▶ Мемлекеттік елтаңбаларда бүркіт бейнесі ең көп қолданылған.
- ▶ Өзбекстан Мемлекеттік елтаңбасыны Өзбекстан Көркемөнер академиясының академигі Анвар Мамажанов жасаған.
- ▶ Әмір Темір елтаңбасында үш шеңбер бейнеленген.
- ▶ Ескендір Зұлқарнайы, Юлий Цезарь, Король Артур сияқты әйгілі тарихи тұлғалардың да өз елтаңбалары болған.
- ▶ Ежелде мемлекет елтаңбасынан тыс жер-мүлікке меншіктікті, корпорациялық, дворяндар мен буржуазиялық әулеттерді білдіретін елтаңбалар болған.
- ▶ 1672–1705 жылдары Амстердам қаласында “Рәміздер мен белгілер” атты кітап басылып, онда 8000-нан астам геральдика үлгілері берілген. 1671 жылы Клод Француа Монецруаның “Геральдика өнері мен елтаңбалардың пайда болуы” атты кітабы баспадан шыққан. 1726 жылы Петербург академиясында геральдика кафедрасы ашылған.

## 2-

## тақырып

ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ, СПОРТТЫҚ  
ЖАРЫС ЛОГОТИПІН ЖАСАУ

**Логотип** (немісше “logotipe”, грекше “logos” – сөз, “typos” – із мағыналарын білдіреді) – ұйымдар, сауда кәсіпорындары немесе жеке тұлғалардың графикалық белгісі немесе эмблемасы. Логотип – компания корпоратив идентификаторының негізгі атрибуты. Логотип дизайны концепция мен идеяның визуал бейнесі болып, қарапайым, сонымен бірге логикалық-композициялық жағынан мінсіз графикалық бейне есептеледі. Сондықтан логотип оригинал, ассоциативті, экспрессивті, функционалды болуы керек.

Логотип белгі, рәміз, қызықты шрифттерден құралған элементтерді бірлестіру құралында жасалуы да мүмкін. Мысалы, жазу белгіге айналуы, шрифт тақырыпқа қатысты графикалық пішінмен байытуға болады.


Логотип компанияны белгі мен рәміздер арқылы таныстырады. Ондағы белгі визуал қабылдау үшін ыңғайлы және түсінікті болуы қажет. Ташкентте жас өспірімдер арасында болып өткен халықаралық семсерлесу жарысының логотипі осыған мысал бола алады.

Тапсырма

Бір логотипте жарысты және өтетін орынды көрсету. Логотип түпнұсқа және барлығына түсінікті болуы керек.

Шешім

Логотипке негіз ретінде жоғары көтерілген қылыш бейнесі сонымен қоса Ташкенттің назар аударарлық жерлерінің бірі – Ташкент телемұнарасының образдарынан пайдаланылған.




9-сурет. Халықаралық семсерлесу жарысының эмблемасы

## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ “ТУРБОЛОГО” ҚОСЫМШАСЫ КӨМЕГІНДЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ ЛОГОТИПІН ЖАСАУ


- 1 Қосымша арқылы (<https://turbologo.ru/create-logo>) логотипті жасаудың бірінші кезеңінде алдағы іс-шара атауын, слоганды (ұранды) және олардың қай салаға арналғаны туралы ақпарат енгізіледі.

- 2 Кейінгі бетте логотип үшін түс таңдалады.

3 Кезектегі бетте логотип үшін графикалық бейне таңдалады. Ол үшін жаратылып жатқан логотип қайсы салаға тиісті екендігін көрсетіп өту талап етіледі. Ұсынылған нұсқалардан 5-ке жуығын таңдау мүмкіншілігі бар.



4 Ұсынылған нұсқалардың дұрысы таңдалады.





**5** Таңдалған нұсқа скриншот тәрізде сақталады.



1. Логотип дегенде нені түсінесің?
2. Логотипке қойылатын талаптар нелерден тұрады?
3. Логотиптің визуал компоненттеріне нелер кіреді?



Логотип жасау үшін арналған қосымшалардан пайдаланған түрде кәсіпорын үшін логотип пен жарнамалық слоганды жасау.

## 3-

## тақырып

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ АҒЫМДАР МЕН  
БАҒЫТТАР. ИМПРЕССИОНИЗМ ЖӘНЕ  
ПОСТИМПРЕССИОНИЗМ**

Импрессионизм (французша “impressionnisme” – әсер) 19 ғасыр соңы мен 20 ғасырдың бастарында Еуропа, негізінен, Францияда жүзеге асқан. Импрессионизм бейнелеу өнерінің негізгі ағымдарынан бірі болып, ол дәстүрлі догматикалық академик бейнелеу өнеріне қарсы түрде жүзеге асқан.



1874 жыл 15-сәуірде Париждегі кафелердің бірінде “қорланғандар” (ресми тән алынбаған суретшілерді солай аталған) шығармалары көрмесі ашылған. Клод Оскар Моненің көрмедегі “Күн шығып келе жатқандағы әсер” атты туындысы “әсершілер” терминнің шығуына себеп болған. Алғаш бір топ суретшілердің шығармашылығын сипаттау үшін жұмсалған бұл термин кейіннен мүсіншілік, музыка, әдебиет пен өнердің басқа түрлеріне де қолданыла бастаған. Импрессионист суретшілердің басты идеясы айқын түстерден пайдалану болған. Суретшілерді табиғаттың құбылмалы күйлері – таңның атуы, сәске, ақшам, ылғалды және құрғақ ауа, бұлтты ас-

пан және шуақты күн көріністері, қаланың абыржыған және халық көп жиналатын жерлердің көріністері қызықтырған. Натураның өзінен ашық ауада (пенерде) сурет салу импрессионистердің негізгі шығармашылық әдісіне айналған.

*Еуропа импрессионизмінің негізін салушылардың Альфред Сислей (1839 – 1899) өмірлік әсерлері негізінде түсбейне картиналарын жарату барысында жоғары шеберлікке ие болған. Атасы оны экономикалық білім алу үшін Лондонға оқуға жібереді. Бірақ Альфредті бейнелеу өнері, түсбейне қызықтырғаны үшін Шарл Глейр шеберханасында бейнелеу өнері негіздерін үйренген. Альфред сол жерде кейіннен, әйгілі импрессионист Оскар Моне мен Огюст Ренуармен танысқан.*

*1873 жылы Альфред Сислей түсбейнеші импрессионистер қоғамын құрған. Ол бүкіл өмірі мен шығармашылық қызметі барысында импрессионизмге адал болып қалды.*

Импрессионист суретшілер тек спектрдің жеті түсінен (қызыл, қызғыш, сары, жасыл, көгілдір, көк, сия көк) пайдаланған. Импрессионистер түстерді бір-біріне араластыру арқылы, әрі күрделі түстерді қолдану арқылы туынды жарату жасанды жайт ретінде қараған.



10-сурет. **Камил Писсарро.** Жанна Писсарро бақта






11-сурет. **Клод Моне.** Тўңғиықгүлдер

Импрессионизм ағымының әйгілі суретшілерінің бірі Огюст Ренуар түрлі материалдарда тартымды картиналар жасаған. “Мәжнүн тал мен қайықтағы адамдар” (12-сурет) картинасында суретшінің түсбейнеші ретіндегі шеберлігі жүзеге асқан. Бір қарағанда суретші жағынан бейнеленген қарапайым ауыл көрінісі өзгеше мәнге ие. Туындының орта тұсында бейнеленген теңіз суы өтпелі өмірдің көрінісі. Ал қайықтағы адамдар өткен өмірдің қарапайым жолаушылары ретінде түсіндірілген.

Импрессионизмнен кейін, бейнелеу өнердің постимпрессионизм ағымы жүзеге асты. Бұл ағым өкілдері өз туындыларын реалистік бейнелеу өнері заңдылықтары негізінде



12-сурет. **Огюст Ренуар.** Мәжнүн тал мен қайықтағы адамдар



13-сурет. **Огюст Ренуар.** Актриса портреті

жаратқанмен, бірақ негізгі назарды шығарма композициясында рәмізділік және философиялық мазмұнды көрсетуге бағытталған. Кейіннен бейнелеу өнерде пуантицизм, неоимпрессионизм, фовизм, кубизм сияқты ағымдары мен бағыттарының басталуына жол ашты.

Импрессионизм ағымы сондай-ақ, Еуропа, Америка мен Азия мемлекеттері, оның ішінде өзбек бейнелеу өнеріне де әсерін тигізді. Атап айтқанда, Лев Буре, Оганес Татевосян, Павел Беньков, Зинаида Ковалевская, Владимир Бурмакин, Юрий Тарлдикин, Анвар Мирсоатов, Жавлон Умарбеков, Алишер Мирзаев, Шухрат Абдурашидов, Янис Сальпинкиди, Абдуманнон Юнусов, Дилором Мамедова сияқты өзбекстандық суретшілер шығармашылығынан импрессионизм элементтерін табуға болады.



14-сурет. **Альфред Сислей.** Сен-Жерменде көктем



Импрессионизм әдісінде жасалған шығармадан нұсқа көшіру.



1. Импрессионизм ағымы қашан және ол қай жерде пайда болды?
2. “Импрессионизм” термині алғашында қай суретшінің шығармашылығына қатысты қолданылған?
3. Импрессионист суретшілерден кімді білесің?
4. Бейнелеу өнердің қандай ағым мен бағыттарын білесің?
5. Импрессионист суретшілер өз шығармаларында қандай пейзаждарды бейнелеген?




Оқулықтағы импрессионизмге тиісті иллюстрацияларға талдау жаса және өз әсерлерің негізінде өзіндік жұмыс дайында.



1. XIX ғасыр соңына дейін Парижде “Салон” деп аталған дәстүрлі көрме өткізілген.
2. Импрессионистер шығармаларын Пол Дюрал-Рюл атты запастағы теңіз офицері 20 франктан сатып алған. Кейін бұл туындылардың әрқайсысын 100 есе қымбат бағаға сатқан.
3. Импрессионистердің бірінші көрмесіне кіру бағасы 1 франк болған.
4. Картина саудасымен шұғылданушыларды маршандар деп атаған.

4-  
тақырыпПУАНТИЛИЗМ ӘДІСІНДЕ  
ПЕЙЗАЖ ЖАСАУ

**Пуантилизм** (французша “pointillisme”, “point” – нүкте) бейнелеу өнерінің дербес ағымы ретінде XIX ғасырдың аяғында Францияда жүзеге келген. Бұл әдісте нүктелер немесе тіктөртбұрыштар түріндегі таза түстерді пайдалану арқылы кескін жасалады. Пол Синак, Жорж Сюра, Анри Эдмон Крос сияқты француз суретшілері пуантилизм әдісінде туындылар жаратқан алғашқы суретшілер саналады. Өзбекстандық суретшілерден Халық суретшісі Анвар Мирсоатов, Зухриддин Ислоншиков, Дилюс Мирсалимовтар пуантилизм әдісінде бірнеше туындылар жасаған.




15-сурет. Пуантилизм тәсілінде жасалған пейзаж

Жоғарыдағы пуантилизм әдісінде жасалған бейнеде (15-сурет) суретші төртбұрыш пішініндегі рең бояулары арқылы таудағы ауыл пейзажын бейнелеген. Пейзажда суретші түстерді жан-жақты және үсті-үстіне қояда контраст түстерден пайдаланған.



16-сурет. Пуантилизм тәсілінде жасалған маринистік жанрдағы пейзаж

Екінші иллюстрацияда (16-сурет) ыстық және салқын түстер контрастын көру мүмкін. Онда суретші алдыңғы және артқы планда жылы түстерден, ал ортасында салқын түстерден пайдаланған.





17-сурет. Эдуард Мане. Суретшілер бағы


Үшінші иллюстрацияда да (17-сурет) ыстық және салқын түстер контрастын көруге болады.

Төменде пуантилизм әдісінде жасалған пейзаж кезеңдері бейнеленген.


**АСҚАРАЛИ СУЛАЙМОНОВ**  
ПУАНТИЛИЗМ ӨДИСІНДЕ ЖАСАЛҒАН ПЕЙЗАЖ КЕЗЕҢДЕРІ



1



2



3



Практикалық жұмыстың бірінші кезеңінде пуантилизм әдісінде салынатын суреттің көрінісі белгілеп алынады және қарындашта жеңіл көмекші сызықтармен пейзаж бейнеленеді. Кейінгі кезеңдерде түстерді бір-біріне жақын түстерге қосып, бейненің түсті көрінісі пайда болады. Алғашқы кезеңдерде пейзажға жеңіл ашық түстерден таулы жер қалыптастырып алу да мүмкін. Бірақ бұл түс пейзаж пуантилизм әдісінде салынғанын көрсетуге кедергі болмауы керек. Бұл үдерісте жоғарыдағы иллюстрацияда бейнеленгендей, ашық беттерге қою түстерді, ал қою беттерге ашық түстермен бояу ұсынылады. Пейзаждағы элементтерге олардағы алыс-жақындығына қарай түс таңдау қажет. Сол тәрізде кескінде ауа перспективасы бейнеленеді.



1. «Пуантилизм» термині қандай мағынаны аңғартады?
2. Импрессионизм әдісінде пейзаж бағытында жұмыс істеген қайсы шетелдік және өзбекстандық суретшілерді білесің?



Пуантилизм әдісінде пейзаждық композиция жасау.



## 5-

## тақырып


ПУАНТИЛИЗМ ӘДІСІНДЕ  
НАТЮРМОРТ ЖАСАУ

Пуантилизм әдісінде натюрморт жасау, пейзаж жасаудан біраз күрделірек. Себебі пейзажда перспективаға орай детальдар қашықтаған сайын кішірейіп, көріністің анықтығы кемейіп барады. Түстер де алыстаған сайын бұлыңғыр тартып, жалпы қарапайым көк түске ене бастайды. Натюрмортта перспективалық және түстердің жағдайлары олай өзгермейді.

Пуантилизм әдісінде жасалған төмендегі суретті мұқият күзет (18-сурет). Мұнда алғаш сурет бетіне қою реңдегі түс берілген. Содан соң дөңгелек пішінді түс бояулары берілген. Бұл тәсілде қою реңдегі түстер үстінен аш реңдегі бояулар сүртіледі. Акварель бояуы реңсіз сұр болғандықтан үстіне жағылғанда түстер қоюласып барады. Сондықтан пуантилизм тәсілінде натюрморт жасауда гуашь бояуынан пайдаланған жөн.

Натюрмортта ашық түстер соңғы қабат ретінде берілген. Олар екінші планда болғандықтан осы тәсілді қолданған.


Пуантилизм әдісінде натюрморт жасауда алғашқы қабатқа ашық түс беріп алу мүмкін. Жұмыстың кейінгі кезеңдерінде әрбір зат пен жемістің түсіне сәйкес түстер қатар жағылып, кезең-кезеңімен қоюластырылып барылады. Жұмыстың бұл кезеңінде натюрморт деталдардағы жарық-көлеңке қарым-қатынастарына ерекше назар аудару керек.



18-сурет. Гуашь бояуымен пуантилизм әдісінде жасалған натюрморт



19-сурет. Акварель бояуындағы пуантилизм әдісінде жасалған натюрморт



Төменде берілген натюрморты пуантилизм әдісінде жасау.



20-сурет. Оқу натюрморты


**АСҚАРАЛИ СУЛАЙМОНОВ**  
ПУАНТИЛИЗМ ӨДИСІНДЕ НАТЮРМОРТ ЖАСАУ КЕЗЕҢДЕРІ



1



2



3



4




1. Пуантилизм әдісінде бейне жасауда қандай бояулардан пайдаланылады?
2. Акварель немесе гуашь бояуында пуантилизм әдісінде сурет жасау қалай ерекшелінеді?
3. Пуантилизм әдісінде натюрморт жасауда заттардың көлемін бейнелеуде нелерге назар аудару қажет?



Өздігіңнен тұрмыстық заттарынан тұратын қарапайым натюрмортын пуантилизм әдісінде жаса.

## БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ ПУАНТИЛИЗМ ӘДІСІНДЕ ПЕЙЗАЖ НЕМЕСЕ НАТЮРМОРТ ЖАСАУ



21-сурет. Пуантилизм әдісінде жасалған пейзаж

## 6-

## тақырып

**КУБИЗМ ӘДІСІНДЕ  
НАТЮРМОРТ ЖАСАУ**

**Кубизм** (французша “kubisme” сөзінен алынған) әдісі бейнеленетін нысан пен затты көз алдына елестету үшін ойлап табылған. Онда суретші бүкіл бейнені геометриялық пішіндерге “ажырату” арқылы зат туралы әсерін байытуға ұмтылады. Бұл тәсіл 20-ғасыр бастарында Францияда жүзеге асқан. Кубизм әдісінде туынды жаратқан алғашқы суретшілерден Ж. Брок, П. Пикассо, Ф. Лете, Р. Белониді тілге тиек етуге болады.



22-сурет. Кубизм әдісінде жасалған оқу натюрморты




23-сурет. Кубизм әдісінде дайындалған натюрморт. Вариант





24-сурет. Кубизм әдісінде дайындалған күрделі бейнедегі декоративтік натюрморт

Кубизм әдісі бейнелеу өнерінің жеке бағыты ретінде дамуында француз суретшісі Поль Сезанның шығармашылығы айрықша орын иелейді.




*Француз импрессионизм ағымының өкілдерінің бірі Поль Сезанн 1839 жыл 19-қаңтарда туылған. Ол білім алған колледжде бейнелеу өнерін үйрену міндетті болса да, осы салада белгілі бір жетістіктерге қол жеткізе алмады. Суретшілікке қызығушылығы қалыптасуында Веронезе, Тинторетто, Делакруа, Домие сияқты импрессионист суретшілер, әсіресе, Камил Писсаромен танысуы шешуші рөл атқарған.*

Кубизм әдісінде натюрморт бейнені геометриялық пішіндердерге бөлуде түрлі әдістерден – көлденең және тік, диагональ сызбалар өткізу, шеңберлер сызу арқылы әртүрлі пішіндер тудыруы мүмкін. Маңыздысы, әрқайсысының геометриялық пішін





бұйымының пішінін, жарқын және көлеңкелі бөлшектерін көрсетуге сәйкес болуы керек.



Кубизм әдісінде натюрморт дайындауда декоративтік элементтерден пайдалану оның тағы бір ерекшелігі саналады.

Кубизм әдісінде натюрморт дайындауда заттардың пішініне назар аударатырып, түрлі бағыттағы сызықтармен геометриялық пішінді тудырып, оларға контраст түстер беру мүмкін.



## КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКАНЫҢ КӨМЕГІМЕН КУБИЗМ ӘДІСІНДЕ НАТЮРМОРТ ДАЙЫНДАУ КЕЗЕҢДЕРІ





- 1-вариант. Берілген натюрморттағы заттарды геометриялық пішіндерге ажырату және кубизм әдісінде бейнелеу.
- 2-вариант. Натюрмортты компьютерлік графикасының көмегімен кубизм әдісінде бейнелеу.



1. “Кубизм” терминінің сөздік мағынасы нені білдіреді?
2. Бейнелеу өнердің кубизм ағымы қашан және қай жерде пайда болған?
3. Кубизм әдісінде алғашқы бейнелеу өнері шығармаларын жасаған суретшілерден кімдерді білесің?



Өздігіңнен кубизм әдісінде натюрморт дайында.



- Оқушы кезінде Поль Сезанн математика, латын және грек тілдерін үйренуде қабілетті болған.Тума қабілетті Сезанн француз тілінде өлеңдер жазған.
- Сезанн тек үш түрлі: көк, жасыл және сары (охра) түстерді ақ туспен араластырып, 800-ден астам түсбейне туындыларын дайындаған.
- Сезанн акварельмен де бірқатар шығармалар жасаған.



## ГРАФИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР ҚҰРАЛЫМЕН (КӨМЕГІНДЕ) КІТАП МҰҚАБАСЫ ДИЗАЙНЫН ЖАСАУ




Заманауи кітап графикасына сай ерекшеліктердің бірі бейнені графикалық бағдарламалар көмегінде жасау. Сондай бағдарламалардың бірі CorelDRAW вектор графикалық редакторы саналады. Бұл бағдарламада көптеген электрлер жинағы бар. Бағдарлама интервьясының тиімділігі арқасында қысқа мерзімде оның негізгі мүмкіншіліктері туралы түсінік қалыптастыру мүмкін.

Векторлы бейне деп тек анық ажыратылған нүктелер (түйін) мен бұл нүктелерді тұтастырушы сызықтардан құралған бейнеге айтылады. Вектор графикасында бейне вектор деп аталатын сызықтар негізінде жасалып, оларға түрлі параметрлер – түс, сызық қалыңдығы мен орналасуы сияқты ерекшеліктер кітап безендіруші суретші үшін қолайлылық жаратады. Векторлы бейне өлшемі өзгерсе де өз сапасын сақтайды әрі жеке нысандарды редакциялау мүмкіндігін береді.


CorelDRAW бағдарламаның артықшылықтарының бірі оның ыңғайлы және оңай реттелетін интерфейсі болып табылады. Бағдарлама айнасы көптеген көмекші элементтерден тұрады.

Бағдарламаны компьютерге орнатқанда төмендегі белгі көрінеді. Аталмыш белгі үстіне тінтуірдің сол түймесін екі рет басу арқылы бағдарламаға кіреді.




*CorelDRAW бағдарлама белгісі*

Кітап графикасы бағытында кітап мұқабасының эскизін жасауда «Главное меню», «Стандартная панель», «Панель свойств», «Панель инструментов», «Цветовая палитра» сияқты элементтер қолданылады.




## ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС


CorelDRAW бағдарламасында 7-сынып «Бейнелеу өнері» оқулығының мұқабасының дизайнын жобалау. Құралдар панеліндегі төртбұрыш пішінінен пайдаланып ерікті түрде төртбұрыш салынады. Ерекшеліктер панеліндегі өлшем қою функциясына кіріп, қажетті өлшем (418x300 мм) енгізіледі.



Осы әрекетті қайтарып, 378x260 мм өлшем белгіленеді. Пайда болған бірінші төртбұрышты тышқанша көмегінде белгілеп, клавиатурадан “Shift” түймесін басып екінші төртбұрыш сызығы үстіне тышқаншаны апарып, сол түйме басылады. Нәтижеде екі пішін белгіленеді. Содан соң, клавиатурадан “С” және “Е” (“Center” – орталығы) әріптерін кезекпен басылса, үлкен өлшемдегі төртбұрыш орталығына кіші өлшемдегі төртбұрыш автоматты түрде орналасады.



*Кескін жасалатын бетті белгілеу*





*Кітап мұқабасының алдыңғы және артқы жағын белгілеу*

Үлкен өлшемдегі төртбұрыш кітап мұқабасы саналады. Оның ортасынан тік сызық өткізіп, өлшемдегі төртбұрыш тең екіге бөлінеді. Орталықтан екі жағына 15 см-ден тең қашықтық беріледі. Төртбұрыштың оң жағы кітап мұқабасының алдыңғы бөлігі болса, ал сол жағы артқы бөлігі болады. Кіші төртбұрыш кітап мұқабасындағы жазулар мен суреттердің әдемі орналасуы үшін шекара міндетін орындайды.

Кейінгі кезеңдерде кітап мұқабасына рең беру, сурет қою, түрлі эффектерді пайдалану, жазу шрифттерімен істеу үдерістері орындалады.





1. CorelDraw қандай бағдарлама?
2. Вектор не?
3. Векторлы графика бүгінгі күнде қайсы салалада кең қолданылуда?
4. CorelDraw бағдарламасында кітап мўқабасы қандай бірізділікте орындалады?



CorelDraw бағдарламасында кітап мўқабасы нұсқасын жасау.

## КІТАП ИЛЛЮСТРАЦИЯСЫ

**Иллюстрация** – латынша “illustratio” сөзінен алынған болып, “жарыту”, “көрнекі бейнелеу” мағынасын білдіреді. Иллюстрациялар алғаш қолжазба кітаптарда Греция, Римде, кейінен Ежелгі Египетте, Қытай және Орталық Азияда жаратылған.

Орталық Азияда жаратылған қолжазба шығармалардағы иллюстрациялар миниатюра пішінінде өңделген.



25-сурет. Абдурахмон Жами туындысына жасалған миниатюралық-иллюстрация



Кітапты баспадан шығару технологиялары, графика өнері дамып, иллюстрация жаратудың әртүрлі әдіспен техникалар ойлап табылды. Кітап безендіретін суретшілер иллюстрация жасаудың гравюра, линогравюра, ксилография, офорт сияқты техникалардан пайдаланған.



26–27-суреттер.  
**Қутлуғ Башаров.**  
 Нодира лирикасына жасалған  
 иллюстрациялар



Иллюстратор суретші ретінде көркемөнер шебері “Суреттерде Отан тарихы” кітабына жасаған суреттерінде айқын көрінген Абдуқаххор Махкамов 1947 жылы Ташкент қаласында туылған. П. Бенков атындағы Республика суретшілік коллежі әрі қазіргі Камолитдин Бехзод атындағы Ұлттық суретшілік және дизайн институтында оқыған.

1982-1992-жылдары Абдуқаххор Махкамов Чулпон атындағы баспаханада басты суретші болып, республикамызда балалар үшін көркем безендірілген кітаптарды басып шығаруға салмақты үлес қосты. Суретшінің көптеген шығармалары Өзбекстан мемлекеттік өнер мұражайында, АҚШ, Нидерландия, Англия, Туркия, Ресей сияқты мемлекеттерде өнер сүйушілердің жеке коллекцияларында сақталады. Абдуқаххор Махкамовтың “Отан тарихы”, “Ұлы жібек жолы” жалпы аттары астындағы бірқатар графикалық шығармалары Өзбекстан бейнелеу өнерінің бірегей үлгілер ретінде танылады. “Дүниежүзі халықтарының ертегілері” жиынтығындағы иллюстрацияларда суретші өзінің шығармашылдық шеберлігін көрсете алған. Шығыс миниатюра өнері дәстүрлері заманауи талқыда жалғастырған суретшілердің бірі ретінде бірнеше әдеби деректерге, әсіресе, өзбек халық ертегілері жиынтығында иллюстрациялар жасалған. Оның кітап безендіретін суретші ретіндегі шеберлігі «Суреттегі тарихи көріністер» кітабына жасалған иллюстрацияларда айқын бейнеленген.



28-сурет. **Абдуқаххор Махкамов.** «Зиёд батыр» ертегісіне жасалған иллюстрация

Кітаптарға жасалатын иллюстрациялар өз міндетіне қарай түрлі болады. Ең көп иллюстрациялар әдеби шығармаларға жасалады. Бұл түрдегі иллюстрациялар да екі түрлі болады: тарихи және заманауи деректерге жасалған иллюстрациялар.



29-сурет. Әлішер Науаидың “Ескендір қорғаны” шығармасына жасалған иллюстрация



30-сурет. Бабыр Гераттағы Сұлтан Құсайынның үйінде.  
“Бабырнамеге” жасалған иллюстрация

Тарихи иллюстрацияларга Элишер Науаидың “Хамсасына” (29-сурет), Захириддин Мұхаммед Бабырдың “Бабырنامه” шығармасына жасалған миниатюралық иллюстрацияларын (30-сурет) мысал етуге болады. Бұл шығармаларда анық тарихи оқиғалар бейнеленген. Заманауи суретшілер жағынан тарихи тақырыптарға жасалған иллюстрациялар да тарихи оқиғаларды түсіндіруге қатысты болады. Оған кітап безендіретін суретші Абдуқаххор Махкамовтың “Суреттерде тарихи көріністер” кітабына жасалған бейнелері (31-сурет) осындай жұмыстар қатарына енеді.



31-сурет. **Абдуқаххор Махкамов.** "Суреттерде тарихи көріністер" атты кітапқа жасалған иллюстрациялары




Оқулық, түсіндірме сөздік пен түрлі энциклопедияларға жасалған бейнелер де кітап иллюстрациялары саналады. Олар негізінен ғылыми және техникалық мәнге ие.

32-сурет. **Константин Черпаков.** Физули лирикасына жасалған иллюстрациясы

**ЗИЛОЛА  
СУЛАЙМАНОВА**

ӘДЕБИ  
ШЫҒАРМАҒА  
ИЛЛЮСТРАЦИЯ  
ЖАСАУ  
КЕЗЕҢДЕРІ

1







2



3



4



5



6



Эскиздер көмегінде әдеби туынды сюжетінің негізінде иллюстрация жасау



1. “Иллюстрация” сөзі қандай мағынаны білдіреді?
2. Өзбекстандық кітап безендіретін суретшілерден кімдерді білесің?
3. Кітап иллюстрациялары қандай түрлерге бөлінеді?



Өздігіңнен сюжеті таныс болған әдеби шығармаға иллюстрация жаса.

## БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ҮЙРЕНГЕН ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ БІРІНЕ ИЛЛЮСТРАЦИЯ ЖАСАУ



33-сурет. Табриз миниатюралық мектебіне тиісті иллюстрация

9-  
тақырып

## ШРИФТТИК-ГРАФИКАЛЫҚ КОМПОЗИЦИЯ

**Шрифт** (немісше “schreiben” – “жазу”) – жеке стилистикалық және композициялық құрылысқа ие, тиянақты өлшем мен нақыш рәміздер жинағын құрайтын әріп пен белгілердің графикалық сызбасы.

Шрифт композициясы – шрифттік-графикалық шығарманың композициялық құрылысы немесе түзілісі болып, оның барлық негізгі бөліктерінің қызықты орналасуы мен өзара байланысуы. Шрифтті композицияның элементтері: өз алдына шрифт белгілері (әріптер, нөмірлер, олардың элементтері, тыныс белгілері), сөздер, сөз тіркестері, мәтіннің жеке қатарлары мен мәтін блоктары.

Шрифт негізінде композицияның негізгі заңдылықтары (ритм, контраст, кеңістік), сонымен қатар эстетикалық қағидаттары (әріп бейнесі, стиль) зерттеледі. Шрифтті композициялары да бірнеше түрлерге бөлінеді. Олар:


1. Әріптердің көмегінде сөз мағынасын аңғартушы образ жасау.
2. Мәтін мен бейне сәйкестігіндегі каллиграмма жасау.
3. Шрифтті иллюстрация жасау.



Әріптер көмегінде сөз мағынасын аңғартушы образ жасауда сөздің мағынасы, функционал міндеті, ерекшелігі мен белгісін талқылау нәтижесінде оның графикалық композициясы құрастырылады.



34–35-суреттер.  
Шрифттік композиция нұсқалары



36-сурет. Шрифттерден композиция мазмۇنىна сай түрде пайдалану



Каллиграммалар композициялық тұрғыдан күрделі болуы мүмкін. Композицион кемел каллиграммаларға мысал ретінде ислам көркем жазу өнері үлгілерін келтіру мүмкін (39-сурет).



39-сурет. Каллиграфиялық композиция

Шрифті иллюстрация жасаудың ең қызықты аспектілерінің бірі – әріп пішінінен пайдаланған түрде бейне жасау мүмкіншілігінің болуында. Азынаулақ сөз, әріптерден түрлі образдар, логотип жарату, сурет салуға болады (34-42-суреттер).



40-сурет. Шрифті динамикалық композиция



41-сурет. Шрифті динамикалық композиция. Нұсқа



42-сурет. Реал бейнеден шрифті графикалық бейне жасау



1. Шрифт дегенде нені түсінесің?
2. Шрифті композиция не?
3. Шрифті композицияның қандай түрлерін білесің?
4. Каллиграмма сөзі қандай мағынаны білдіреді?



1. Әріптерден сөз мағынасын білдіретін образ жасау.
2. Түрлі өлшем мен түрлі тәсілдегі шрифттерден архитектуралық ескерткіш образын жасау.



# 10- тақырып

## КОЛЛАЖ ТЕХНИКАСЫНДА КЕСКІН ЖАСАУ

**Коллаж** французша “kollaj” – “желімдеу” – ұқсас болмаған түрлі заттарды (фотосурет, картон, табиғи материал және сол сияқтылар) бір композицияда біріктіру мүмкіндігі бейнелеу өнерінің техникасы. Коллаж техникасы көмегінде жаратылған шығармаларда түс пен текстура тұрғысынан айырмашылық ететін материалдарды бетіне желімдеу арқылы бейнені құрастырды.


Коллаж техникасының бірнеше түрлері бар.

**1. Декупаж** (французша “decouper – “кесу”) заттар бетіне сурет салынған әртүрлі қағаздарды желімдеп, үстінен лактау арқылы безендіру техникасы.



43-сурет. Декупаж техникасында бейне жасау

**2. Скрапбукинг** (ағылшынша scrap – “бөлік”, book “кітап” мағыналарын білдіреді) – отбасылық фото альбомдарды, кітап және құттықтау қағазы, мата, қағаз, бисер немесе басқа табиғи материалдармен (кептірілген гүл, жапырақтар) безендіру техникасы.



44-сурет. Скрапбукинг техникасында бейне жасау

**3. Квиллинг** (ағылшынша “quilling” – құс қауырсындары) практикалық-декоративтік өнер түрі саналып, онда бұралған қағаз таспаларынан көлемді немесе жазықтықтағы композиция жасалады.



45-сурет. Квиллинг техникасында бейне жасау

**4. Фотографиялардан коллаж жасау** - жалғыз картина бетінде бірнеше фото бейнелерді біріктіру арқылы тұтас композиция жасау болып табылады. Мұнда суреттер картина бетінде тәртіпсіз күйде немесе керісінше, белгілі бір тәртіпте орналасуы мүмкін. Фотографиялардан тыс коллаждың бұл түріне әртүрлі жазулар, иллюстрациялар, декорациялы безектерден пайдалану да мүмкін.




46-сурет. Фотоколлаж



47-сурет. Коллаж техникасында құрастырылған композиция

## КОЛЛАЖ ТЕХНИКАСЫНДАҒЫ ПОРТРЕТ ЖҰМЫСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ



1. Коллаж жасаудың бірінші кезеңінде эскиз дайындап алынады. Эскизде бейне идеясы, образдың майда деталдарына дейін қағазға түсіріп алынады.
2. Жасап жатқан образыңды түстілігін жалпылай түрде боя. Мәселен, адамның беті мен алақаны сары түсте болуы мүмкін. Киімі және басқа әшекейлер түсін де белгілеп ал.
3. Керексіз журнал мен газет беттерінен композицияң үшін қажетті түстердегі бөліктер кесіп алынады және эскиздің керек болған бөліктеріне жабыстырып шығылады. Осылай жалғасып, композиция аяқталады.



1. Коллаж қандай өнер түрі, оның қандай түрлерін білесің?
2. Декупаж сөзі нені білдіреді?
3. Скрапбукинг өнерінің шығармашылық мүмкіндіктері қандай?
4. Квиллинг өнерінде нелерден негізгі шығармашылық материал ретінде пайдаланылады?



*Коллаж техникасымен айналысқан бірінші шығармашыл неміс суретшісі Курт Швигтерс (1887–1948).*



48-сурет. Коллаж техникасында жасалған дерексіз композиция



Сабақта үйренілген еркін тақырыпта жоғарыдағы келтіріп өтілген техниканы қолдаған тәрізде еркін тақырыпта коллаж композициясын жасау.



49-сурет. Коллаж техникасында жасалған кескін бөлігі



Скрапбукинг техникасы XX ғасырда пайда болған. Бұл дәуірде адамдар поэзиялық кітаптар, күнделік дәптерлерін әртүрлі газет қырқымдары, естелік предметтерімен әшекейлеген.



Коллаж техникасында композиция жасау.

# 3-

ТОҚСАН






# 11-


тақырып

## МҮСІНШІЛІКТЕ ПОРТРЕТ

Портрет мүсіншілік өнерінің негізгі жанрларының бірі. Портретке қойылатын бірінші талап – ұқсастық: бейнеленіп жатқан адам және ескерткіштің өзара ұқсастығын көрсету. Бірақ ұқсастық сыртқы сапалармен шектелмейді. Мүсінші бейнеленіп жатқан адамның психикалық жағдайын (қайғы, қуаныш, азғындық және басқа жағдайларының жиынтығы), характерлі ерекшеліктерін ашып беруі қажет.



50-сурет. **Максим Макаревич.**  
Әлішер Науаи бюсті



51-сурет. **Жасвант Анназаров.**  
Фурқат бюсті




52-сурет. **Дмитрий Рябичев.** Ерлік монументі

Портрет жасауда бастың жүз бөлігі мойыннан алға шығарылады. Бастың жалпы күйі табылған соң, беттің майда деталдары жасалады.



53-сурет. Мүсіншілік сабақтарында пайдаланылатын іс құралдары

### АДАМНЫҢ ІШКІ СЕЗІМ КҮЙІ БЕЙНЕЛЕНГЕН ЕСКЕРТКІШ ЖАСАУ КЕЗЕҢДЕРІ





Кейінгі кезеңде құлақтар мен ерінге қосымша өлшем беріледі. Бұның үшін басқа пластилин бөліктерінен пайдаланылады. Жеке пластилин бөліктерінен әдемі бұрама шаштар бейнеленеді. Көздің бөлігін жасауда шағын өлшемдегі пластилиннен шарлар жасап, көз алмасының ішіне жайғастырылады, стек көмегінде жоғары және төменгі қабақтар өңделеді. Соңғы кезеңде портретінің қасы әрі шаш бұрамалары жасалады.



Пластилин немесе лайдан сезімін білдіретін портретті жаса.



1. Бейнелеу өнерінің мүсіншілік түрінде қандай жанрлар бар?
2. Мүсіншілікте портрет не және ол қандай түрлерге бөлінеді?
3. Портрет жасауда қандай талаптар сақталады?
4. Бюсть дегенде нені түсінесің?



Пластилин немесе лайдан горельеф әдісінде адам портреттің бөртпелі бейнесін жаса.



Дүниенің түрлі мемлекеттерінде өзбек ғұламаларының ескерткіштері орнатылған. Токио (Жапония), Минск (Беларусь) және Мәскеу (Ресей Федерациясы) қалаларында Әлішер Науаи, Каирде (Египет) Ахмет әл-Ферғани, Ригада (Латвия) Мырза Ұлықбек, Кортракт (Бельгия) және Рюэй-Мальмезон (Франция) қалаларында ибн Сино ескерткіштері бар.

12  
тақырып**МҮСІНШІЛІК МАТЕРИАЛДАРЫНАН  
ДЕКОРАТИВТІК БҰЙЫМДАР  
ЖАСАУ**

Мүсіншілікте оқу тапсырмалары жұмсақ материалардан пайдаланып орындалады. Мүсіншіліктің жұмсақ материалдары – суық фарфор, суық шыныдан пайдалану бірқатар қолайлықтарға ие. Пластик материал ретінде олардан таза түстер жасау мүмкіндігі бар.

Пластик материал төмендегі тәртіпте даярланады.

3 ас қасық PVA № 801 маркалы желім, 2 ас қасық пісте майы, 1 ас қасық глицерин, 1/3 шай қасық лимон қышқылы және 4,5 ас қасық жүгері крахмалы араластырылады. Нәтижеде қамырға ұқсас пластикалық масса пайда болады. Бұл массаға дәл қамыр сияқты өңдеу жасап, пысықталады. Кейінгі басқышта жасалатын бұйымның көлемі, бөліктерінің үлкен-кішілігіне қарап майда қамыр бөліктерге ажыратылады, гуашь бояуын қосу арқылы түсті бөлікшелер пайда болады. Бұл қоспаны целлофанға орап сақталса, ұзақ уақытқа дейін өзінің пластикалық қасиетін жоғалтпайды.



54-сурет.  
Пластик материалдан  
даярланған декоратив  
бұйым

Мўсіншілікте декоратив бўйымдар жасауда кезешілік лайынан да пайдаланылады. Кезешілік лайы өзінің пластикалық ерекшеліктеріне қарай декоратив бўйымдар жасау үшін қолайлы материал саналады. Төменде кезешілік лайынан декоратив бўйым – қаламсауыт кезеңдері көрсетілген.

**ЖОРАБЕК ИШМАТОВ**  
**КӨЗЕШІЛІК ЛАЙЫНАН ДЕКОРАТИВ ПІШІНДЕГІ**  
**ҚАЛАМСАУЫТ ЖАСАУ КЕЗЕҢДЕРІ**



1



2



3

4



5

6



Бірінші кезеңде жоғарыдағы суреттерде көрсетілгендей композицияның пішіндеріне сай түрде бөліктер даярлап алынады. Соң оларды көрінісіне сай пішіндерге келтіріп, бір-біріне жабыстыру тәсілінде қаламсауыттың жеке композициясы қалыптастырып алынады. Нәтижеде төмендегі суретте келтірілгендей декоратив ескерткіш жасалды (55-сурет).



55-сурет. Декоратив пішіндегі бұйым – қаламсауыт композициясының аяқталған нұсқасы



1. Суық фарфор немесе шыны қамыр үшін пластикалық материал даярлауда қандай өнімдер керек болады?
2. Пластик материал бөліктерге түс беру үшін қандай бояудан пайдаланылады?
3. Пластик материалдардан әртүрлі пішіндер жасау үшін қандай әдістер қолданады?



Дербес шыны қамыр даярлап, қалаған бұйым, хайуан немесе құс мүсінін жасау.



Декоратив бұйымдар жасауда өзіне тән мектеп жаратқан өзбекстандық ұста Хамробибі Рахимованың шығармалары Лувр (Франция), Әлем керамика музейі (Италия), Эрмитаж (Ресей) сияқты әйгілі музейлерде сақталады.

# 13-

тақырып

## ЛАНДШАФТ ДИЗАЙНЫ ҮШІН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ-ДЕКОРАТИВТІК МҮСІН ЖАСАУ

Функционал ескерткіш бірер ортаны эстетикалық тұрғыдан әшекейлеуі, белгілі функционалдық міндетті атқаруы қажет. Функционалдық-декоративтік ескерткіштер дегенде әртүрлі образдардағы шырақтар, мебельдер, субұрқақтар, қолшатырлар, балалар ойын алаңындағы сырғанауыштар және сол сияқтылар түсініледі.



56–58-суреттер.  
Шам пішініндегі сәндік  
мүсіншілік үлгілері



Бақ ландшафты немесе интерьер үшін декоративтік-функционалды мүсінді қарапайым адам кейпіндегі гүлшоқ пішінде жасауға болады. Мұның үшін қағаз, қалам, мүсіншілікте қолданылатын лай немесе пластилин керек болады.

Алдымен жұмыстың эскизі сызып алынады. Мұнда, бірінші кезекте, жасалатын мүсін қандай функция орындауы және қай жерде орналасуы анықтап алынады.

Кейінгі кезеңде мүсіннің көркемдік шешімі қағазға түсіріледі. Мүсіннің пішіні, пластикалық шешімі, функциясы, ландшафтағы орны анықтап алынған соң, жасалған эскиз негізінде мүсін үлгісі жасалады.

Мүсінді жасау үдерісінде техникалық қауіпсіздік, гигиена ережелері мен материалдан үнемдеушілікпен пайдалануға назар аудару қажет.





59-сурет. Гүлсауыт пішінді декоратив мүсіншілік үлгілері



60-сурет.  
**Еркін Низомов.**  
Ландшафт  
дизайны үшін  
декоративтік  
шамдар



61-сурет.  
**Жорабек  
Ишматов.**  
Ландшафт  
дизайны үшін  
декоративтік  
шамдар



62-сурет. **Жорабек Ишматов.** Ландшафт дизайны үшін функционалдық-декоративтік мүсіншелер



1. Функционалдық мүсіншілік мүсіншіліктің басқа түрлерінен несімен ерекшеленеді?
2. Функционалдық мүсіншілік үлгілері қандай міндетті атқарады?



Функционалдық мүсіншілік үлгісі эскизін жасау және сол эскиз негізінде практикалық жұмыс орындау.

# 14-

тақырып

## МҮСІНШІЛІКТЕ ДЕКОРАТИВТІК ПАННО ЖАСАУ. РЕЛЬЕФ

**Рельеф** (французша “relief” – “тегістік бетіндегі бедерлі бейне”) мүсіншілік түрі болып, тегістікке бедерлетіп немесе керісінше, ойып жасалады. Рельеф үш түрге бөлінеді: тереңдетілген (контррельеф), барельеф және горельеф.

Тереңдетілген рельеф тегістік деңгейіне қарағанда ішкеріге қарай ойылған түрде жасалады. Рельефтің бұл түрі Ежелгі Египетте кең қолданылған. Контррельефпен қолданбалы өнер шығармалары мен үлкен храмдардың қабырғалары беттері, бағандары әшекейленген (63-сурет).

Барельеф (французша “bas-relief” – “төменгі бедер”) үлгілерін Ташкенттегі “Жеңіс бағы”, “Жаңа Өзбекстан” бақтарында, Ташкент мерополитен бекеттерін интерьерлерінде көруге болады. Барельеф композицияларында бейне тегістіктен бедерлі түрде бейнеленсе, жалпы түрде тегістік бетінен сыртқа ажыралмаған түрде сипатталады (64-сурет).

Горельефте (французша “haut-relief” – “биік бедер”) бейнеленіп жатқан образдар жалпы көлемінің жартысынан астамы бедерлі тәрізде сипатталады (65-сурет).



63-сурет. Терең рельеф (контррельеф). Ежелгі Египет




64-сурет. Барельеф. "Жаңа Ўзбекистан" бағи. Ташкент




65-сурет. Горельеф. "Жаңа Ўзбекистан" бағи. Ташкент

Барельеф көрінісінде декоративтік панно жасаудан алдын композиция идеясын қағазға түсіріп алу қажет (67-сурет). Кейінгі кезеңде композиция жасау үшін пластилиннен 10x15 см үлкендіктегі тегіс пласт жасап, оның үстіне қағаздағы композицияны орналастырып, қалам мен бейне пайда болады. Пластилин бетіне түскен бейне үстінен көлем беріледі (68-сурет).

Декоративтік панноны жасау үдерісінде бейне үстіне лайды кезең-кезеңмен қою арқылы көлемді толтырады. Бұл үдерісте бейнедегі пішіннің анықтығына мән берген жөн. Жұмыс үдерісінде бедердің жеке бөліктерін қалыңдығы мен пластикасына мән беру қажет.



66-сурет. Рельефтәріздес декоративтік панно нұсқасы



67-сурет. Барельеф түріндегі декоратив панноның эскизі



68-сурет. Барельеф пішініндегі декоратив панно



Жоғарыда келтірілген бедерлі декоратив мүсіншілік үлгісін жасау тәртібі негізінде дауыс декоративтік панносын істеу.



1. “Рельеф” термині қандай мағынаны білдіреді?
2. Рельеф қандай түрлерге бөлінеді?
3. Барельеф пен горельефтің айырмашылығын сипаттап бер.
4. Контррельеф басқа түрдегі рельефтерден қайсы ерекшелігімен ерекшеленеді?



Барельеф әдісінде дербес композиция істеу.

**БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ**  
**ПЛАСТИЛИН НЕМЕСЕ ЛАЙДАН ЕРКІН**  
**ТАҚЫРЫПТА РЕЛЬЕФТӘРІЗДЕС КОМПОЗИЦИЯ**  
**ЖАСАУ**



69-сурет. Рельефтәріздес композиция






# 15-

тақырып

## ӨЗБЕКСТАННЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӘШЕКЕЙ ӨНЕРİNДЕГІ РӘМІЗДІК ПІШІНДЕР

Өзбек халқының көп ғасырлық тарихында қолданбалы әшекей өнері мәдени мұрамыздың қажетті бөліктерінің бірі ретінде қадірленіп келуде. Өзбек қолданбалы әшекей өнерінің келіп шығуы адамзаттың алғашқы дәуірі алғашқы қоғам жүйесі дәуіріне тура келеді.

Өрнекшілік әрбір өлкенің өзіне тән ортасы, географиялық орны, ерекшеліктеріне қарай дамиды. Өзбек халық өрнектерінде анар, бадам, гүлдер, қалампыр және сол сияқтылардың рәміздік бейнелері өрнек элементтері ретінде қолданылған.




70-сурет. Грузин халық өрнектері



71-сурет. Армян халық өрнектері




72-сурет. Қырғыз халық өрнектері













73-сурет. Қазақ халық өрнектері

Қолданбалы әшекей өнерінде рәміз (арабша "ишара жасау" мағынасын білдіреді) табиғатты, болмысты, өмірдегі қуаныш және уайымдарды, дос пен дұшпандарды, жақсылық пен жамандықты өрнек элементтері, сызықтар, түстер арқылы бейнелеу болып табылады.

Өзбек ұлттық өрнектерінде төмендегі рәміздер бар.

РӘМІЗ (аты)	ПІШІНІ	МАҒЫНАСЫ
Нүкте	.	Өмірдің басталуы, Тәңірдің жалғыздығы, өмірдің аяқталғандығы мен басқа рәміздер
Түзу сызық	—	Өмірдегі тура жол, өмірдің тыныштығы
Тең бұрышты үшбұрыш		Тұтас бөлінген бөлік, ажырау, әлем

Ромбы		Сенім, әйел, жер ана, көп перзенттілік
Шеңбер		Әлем, бақыт, күн, адамдарды жауыз ниеттен қайтару, мүлтіксіз, мәңгілік (яғни, ғалам тұрақты, бірақ адам өмірі өтпелі)
Жартылай шеңбер		Бақыт
Квадрат		Дүниенің, ғаламның шексіздігі, күн перзенті, мәңгілік, жарықтық, бекемділік, жер-су, өрт пен ауадан құралғандығы, мүлтіксіз, теңдік, сұлулық
Бұршек		Тоқшылық, көктем, ояну, Наурыз
Байлау		Бақыттың байлануы
Жапырақ		Көктемгі ояну, Наурыз

Қалампыр		Өртүрлі жамандықтар мен жаман көздерден сақтау
Бұтақ		Байлық, молшылық
Шыбық		Көктемгі ояну

Ұсталар табиғаттағы гүл, жапырақ, бұта, бүршек, көгершін, тауыстардың құрылымынан түрлі өрнек композицияны жасау үшін түрлі элементтерді стилизацияластырып алған.

Нақышкерлік, алебастр және ағаш ою өнері, кестешілік, зергерлік пен қолданбалы өнердің басқа түрлерінде қолданылатын элементтер өрнек жасаудың әліппесі саналады.



Кестеде келтірілген рәміздік өрнек элементтерін сызу және олардың мағынасын жатқа алу.



1. Ұлттық өрнек элементтері қандай мағыналарды білдіреді?
2. Сенім, жер ана, көп перзенттілік мағыналарын қайсы рәміздік пішін білдіреді?
3. Қолданбалы өнердің дамуына қандай факторлар әсер еткен?
4. Өзбек ұлттық өрнек элементтері ретінде қандай рәміздік пішіндерден пайдаланылады?
5. "Рәміз" сөзі қандай мағынаны білдіреді?



Кестеде берілген рәміздік элементтерден пайдаланып өрнек композициясын жасау.

16-  
тақырып


**ИСЛИМИЙ ӨРНЕК  
ЖАСАУ**

**Ислимий** – өсімдік тәріздес пішіндегі қайталанатын бөліктерден құралған өрнек түрі. Өрнек негізін танап, шыбық, жапырақ, бұталар құрайды. Ислимий өрнектің түрлері көп, ол қайсы пішінмен толтырылса, өрнек сол пішін атымен аталады: Ислимий жапырақ, ислимий бұтақ, ислимий бофта, ислимий гүл, ислимий шынжыр, ислимий мадохил, ислимий михраб және сол сияқты жүзден артық қарапайым және күрделі түрлері бар.

**Танап** – арабша сөзден алынған болып арқан деген мағынаны білдіреді. Күрделі өрнектер композициясы негізін құрайтын негіз және өрнекке пішін беретін сызық танап делінеді. Егер композицияда танаптар кесіп өтетін түсті өрнектерде істетілсе, әлбетте екеуі екі түрлі түске боялады. Танаптар бір-бірін кесіп өтпей керісінше, параллель болса, мұндай өрнек “қос танапты ислимий” деп аталады. Егер аяқталған дербес композиция болса, “қос танапты көрінісі” делінеді.


Ислимий өрнек сызу оның элементтерін үйренуден басталады.

**1-кезең.** Ислимий өрнек композициясын істеу үшін қаламда қағаз парағы (сурет дәптеріне) 10x20 см-лі өлшем сызып алынады (74-сурет).



74-сурет. Ислимий өрнек жасалатын бетті белгілеу тәртібі


**2-кезең.** Сызып алынған өлшем ортасынан бастап, бірінші кезекте танап тартып сызылады. Танапты бір-бірімен байлау мақсатында байланым сызылады. Кейінгі кезеңде бұтақтар сызып алынады, соң олардың бағытына сай етіп гүлдер жайғастырылады (75-сурет).



75-сурет. Өрнек композициясын қаламда сызу кезеңі

**3-кезең.** Сызылған ислимий өрнек композициясына түс беріледі. Мұнда алдымен боялатын беттерді топтарға ажыратып алу қажет.

Бірінші кезекте өрнектің негізі бояп алынады. Кейін екінші дәрежелі бөліктері кезең-кезеңмен боялады (76-сурет).



76-сурет. Исламий өрнекті бояу кезеңдері

**4-кезең.** Бұл кезеңде әшекейлеу жұмыстары жүзеге асырылады. Кейін гүл мен жапырақтарға сияқалам тартылады. Соң оларға тарғыл тартылады және ақ бандтар (танаптар) үстінен ақ гуашь жағып шығылады (77-сурет).



77-сурет. Ислимий өрнегінің соңғы кезеңі



Дербес түрде ислимий өрнек композициясын жасау.



1. Өрнектің бұл түрі не үшін ислимий делінеді?
2. Пішініне қарай ислимий өрнектердің қандай түрлері бар?
3. Танап сөзі нені білдіреді?
4. Мола қылқаламдар не үшін істетіледі?
5. 1, 2-нөмірлі қылқаламдар өрнек композициясының қайсы үдерістерінде және не үшін қолданылады?



Қалаған өлшемде күрделі болмаған ислимий өрнек композициясын жасау.



- Өзбекстан халық шебері, атақты көзеші және ғалым Мухиддин Рахимов өзбек ұлттық өрнектерінің түрлерін жүйелеп шыққан. Оның бұл шығармасы ЮНЕСКО тарапынан ағылшын тілінде баспадан шыққан.
- Бұл кітап дүниенің Метрополитен (Нью-Йорк), Лувр (Париж), Британия мұражайы (Лондон) сияқты мұражайларда сақталады.



4-

ТОҚСАН

# 17 - тақырып

## ДИЗАЙН ӨНЕРІ

**Дизайн** (ағылшынша “design” – “жоба”, “сызба”, “сурет”) – бұйым және өнімдердің эстетикалық және функционалдық тапсырмаларды сипаттау мақсатында жасалған жоба. Дизайн күнделікті қолданыстағы бұйымдар, автомобильдер, тұрмыстық техника, киім, жарнама, қоғам және мекен-жай ғимараттары интерьер және экстерьері, мебель жиһаздары, веб-дизайны сияқты бағыттарда жасалады.

Өзбекстанда дизайн өнері дамып, өнеркәсіп дизайны, киім дизайны, жарнама дизайны, архитектура, автомобиль және басқа салалардағы дизайнында қызмет жүргізіп жатқан өзбек дизайнерлерінің өнімдері дүние базарына шықты және әйгілі брендтерге айналды.

Бейнелеу өнерімен шындап шұғылданып, дизайнер болу үшін дизайн түрлері мен бағыттары жөнінде жеткілікті білімге ие болу талап етіледі.




78-сурет. Киім дизайны

**Киім дизайны** – адам үшін қолайлы болған және оны әшекейлейтін киімдерді жобалауға қаратылған дизайн түрі. Бұл қызмет түрімен айналысатындар модельер-дизайнер деп аталады.



**Жарнамалық дизайн** – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өнімді (бизнесі) ұсыну үшін пайдаланылады.

79-сурет.  
Жарнамалық дизайн



80-сурет. Архитектуралық дизайн

**Архитектуралық дизайн** – адам үшін эстетикалық және қолайлы орта жасауға қаратылған қызмет түрі.




81-сурет. Интерьер дизайны

Өр қандай дизайн нұсқасын жасауда идея қағазға эскиз көрінісінде түсіріп алынады. Қиялдағы дизайн қандай пішін және түстерде жасалуы эскизде анықтап алынады.



82-сурет.  
Көйлек дизайнын кескіндеу кезеңдері



Өртүрлі заттардың дизайн эскизін сызу.



1. “Дизайн” сөзі қандай мағынаны білдіреді?
2. Дизайн өнері қашан пайда болған және ең ірі дизайн мектептерінің қайсыларын білесің?
3. Дизайн өнері түрлеріне мысал келтір.
4. Архитектура дизайны, жарнама дизайны және киім дизайны дегенде нені түсінесің?



Дизайн түрлерінің біріне эскиз жаса.



- Өзбекстандағы бірқатар жоғары оқу орындарында дизайнер мамандар дайындалады. Камолиддин Бехзод атындағы Ұлттық суреткерлік институтында интерьер және киім дизайны, Ташкент тоқыма және жеңіл өнеркәсіп институтында киім дизайны, Ташкент құрылыс-архитектура институтында интерьер және ландшафт дизайны, Ташкент мемлекеттік техника университетінде өнеркәсіп дизайны бойынша мамандар даярланады.
- Дизайн XX ғасырдың бастарында жүзеге асып, 1930 жылдарда арнайы қызмет түрі ретінде Батыс Еуропа және АҚШ-та қалыптасты. Алғашқы дизайн мектептері ретінде Баухаус (Германия), VXUTEMAS (Ресей) сияқтыларды мысал ретіндеу келтіруге болады.

# 18-

тақырып

## АРХИТЕКТУРАДА КОМПОЗИЦИЯ. ИНТЕРЬЕР ДИЗАЙНЫ

Интерьер - архитектура және дизайн синтезі болып, бөлме ортасы және ондағы бұйым мен жиһаздардың өзара сәйкестігі дизайн жобасы негізінде жоспарланады. Ғимараттың архитектуралық шешімі, оны қайсы тәсілді құрылғандығы интерьер дизайнын белгілеп береді. Мәселен, бірер архитектуралық тәсілде құрылған ғимарат үшін сол ғимарат тәсіліне сай интерьер жасау, жиһаздау талап етіледі. Мұны біз хайтек және классикалық тәсілде құрылған, ғимарат пен оның интерьерлері мысалында көруімізге болады.

Интерьер қандай мақсатта жаратылғаны, міндеті, онда орналасқан жиһаз бен бұйымдар негізінде бөлме дизайны істеледі. Соның үшін офис және қоғамдық ұйымдар, театр және кинотеатрлар, вокзал және ауруханалар, оқу орындары, мекен-жайлар интерьері бір-бірінен айырмашылық етеді.



83-сурет.  
Классикалық тәсілдегі үй экстерьері

84-сурет.  
Классикалық тәсілдегі үй интерьері





85-сурет.  
Хайтек  
тәсіліндегі үй  
экстерьері




86-сурет. Хайтек тәсіліндегі үй интерьері

**САКИНА МҲАМЕДЖАНОВА**  
БӨЛМЕ ИНТЕРЬЕРИ ДИЗАЙНЫН  
СЫЗУ КЕЗЕҢДЕРИ






4



5



Тақырыптың практикалық жаттығуы ретінде бөлме интерьері дизайнын жасауда қағаз ортасына тік төртбұрыш сызып алынады. Пішін ішінен бір нүктені белгілеп, тік төртбұрыштың барша бұрыштарын белгіленген нүктемен тұтастыратын сызық өткізілген соң олар бөлме интерьері қабырғалары перспективасын пайда етеді. Кейінгі басқышта орталықтағы нүктеден бөлме қабырғаларына қарай көмекші сызықтарды өткізіп, оларға вертикаль түрде бөлме жиһаздарының биіктігі белгілеп алынады.

Диагональ сызықтардың көмегінде предметтердің перспектив қысқаруы бейнеленеді.

Барлық жиһаздарды жайғастырып болған соң деталдарға боялады.



1. Интерьер дегенде нені түсінесің?
2. Ғимарат интерьері дизайнын жасауда нелерге мән беру қажет?
3. Интерьер тәсілі дегенде нені түсінесің?



Өз үйіңді композициялық тұрғыдан қайта құру және жиһаздау бойынша интерьер дизайн эскизін жаса.

19-  
тақырыпАРХИТЕКТУРАДА  
КОМПОЗИЦИЯ.  
ЭКСТЕРЬЕР ДИЗАЙНЫ

Бейнелеу өнерінде экстерьер дегенде архитектуралық ғимараттар және олардың сыртқы көрінісі түсініледі.

Экстерьер дизайнын жасаудың бірінші басқышында сызылатын ғимарат не үшін арналғандығын анықтап алу қажет: мекенжай ғимараты, көп қабатты сауда орталығы, спорт кешені және т.б. Архитектура ғимараты экстерьері дизайнын жасауда бұл ғимарат жайғасқан орта, ол жердегі басқа архитектура нысандарын еске алу талап етіледі. Мәселен, тарихи қалалар ортасында заманауи дизайн шешіміндегі ғимаратты жобалау ортаның өзіне тән екендігі кері әсер етуі мүмкін. Немесе керісінше, заманауи қалалар ортасында орта ғасырларға тиісті дизайн шешіміндегі архитектура ғимараттарын жайғастыру ортаның заманауилығына аздап сай келмейді. Заманауи қала ортасы үшін сәйкестендірілген Хайтек тәсіліндегі дизайн шешіміне ие мешіттер бұған мысал болады (87-сурет).



87-сурет. Хайтек тәсіліндегі дизайн көрінісіне ие Айман Қодирова атындағы мешіт. Шешенстан



88-сурет. Дәстүрлі архитектуралық шешімі бар “Минор” мешіті. Ташкент

Архитектурадағы көркемдік тәсіл мен бағыттар бірер тарихи дәуірге тиісті болады. Бұл талаптар мемлекет дәстүрлері, табиғи ауа райы жағдайы, саяси-экономикалық жағдайлар негізінде жүзеге асады. Мәселен, Ежелгі Грек және Рим архитектурасы көркемдік дәстүрлері элементтерін классикалық тәсілдегі заманауи архитектура ғимараттары экстерьерлерінде кездестіруге болады (89-сурет).




89-сурет. Ташкенттегі "Ақсарай" мекен-жай ғимараты



90-сурет. Ежелгі Рим архитектурасы

**САКИНА МҲАМЕДЖАНОВА**  
ҒИМАРАТ ЭКСТЕРЬЕРИ ДИЗАЙНЫН СЫЗУ КЕЗЕҢДЕРИ

1



2



3




4



5





Ғимарат экстерьерин сызу үшін алғаш аспан және жер тұтасқан сызық (горизонт сызығы) сызып алынады. Кейінгі кезеңде үйді қайсы жағдайда бейнелеуді белгілеп алу қажет. Бейнеленіп жатқан ғимарат экстерьері тікелей немесе жартылай бүйір ракурста болуы мүмкін. Жартылай бүйір пішінде бейнелеуде екіжақты перспектива қысқару нүктелері белгілеп алынады.



1. Экстерьер дегенде нені түсінесің?
2. Ғимарат экстерьері дизайнын жасауда нелерге мән беру қажет?
3. Ғимарат экстерьерінің дәстүрлі және заманауи әдістері дегенде нені түсінесің?



Дербес ғимарат экстерьері композициясына тиісті эскиз нұсқаларын жасау.



20-  
тақырыпАРХИТЕКТУРА ОРТАСЫНДА  
ГРАФФИТИ КОМПОЗИЦИЯСЫ

**Стрит-арт** (ағылшынша “street art” – көше өнері) қабырға суреттер, қоғамдық жерлер мен басқа әртүрлі нысандардағы бейнелер, граффити, көше инсталляциялары, стикерлер, постерлер, сондай-ақ муралдарды өз ішіне алады.

**Граффити** (итальянша “graffito” – тырналған) – қабырға бетіне бояулар көмегінде сызылған, тырналған сурет немесе мәтіннен құралған қабырға бейнесі. Граффити негізінен қала жағдайында қолданатын өнер түрі саналады.

Бірінші граффити өнері үлгілері антик дәуір архитектуралық ескерткіштері мен қолданбалы өнер бұйымдарында табылған. Оларда сатиралық характердегі жазулар, карикатура бейнелері көрсетілген. Ежелгі римдіктер граффитилерді қабырға беттері және мүсіншілік үлгілеріне істеген. Ежелгі граффитилер мазмұны тұрғысынан заманауи граффитилерден түптен айырмашылық еткен. Оларда негізінен саяси мәліметтер, хабарландырулар орын алған.

Заманауи граффити өнерінің бірнеше түрлері, тәсілдері және бағыттары бар. Олардың негізгілері “Writing”, “Clean Advertising”, “Tagging” деп аталады.


**Writing** – граффити өнерінің негізгі бағыттарының бірі болып, онда граффити жасау техникасы, тәсілі шектелмеген. Суретші өзіне ұнаған тәсілде істеуі, түрлі материалдардан пайдалануы мүмкін. Мәселен, аэрозолды бояулар, қабырға маркерлер, дайын трафареттер, қылқалам және т.б.



91-сурет. **Абдурахмон (Инкузарт)**. Өзбекстанда қызмет көрсеткен артист Абдурайым Абдувахобов ескерткішіне арналған мурал

Аталмыш тәсілде орындалған жұмыс **sketch** деп аталады және ол алдыннан қағазға жасалған болуы да мүмкін.

**Clean Advertising** – граффити өнерінің жаңа бағыты болып, ол негізінен кәсіпкерлік қызметімен байланысты. Граффитидің бұл түрі бірер кәсіпорын өнімінің үгітіне қаратылған жарнама композициясын архитектура құрылыстары қабырғасында бейнеленеді.



92-сурет. “Coca-Cola” компаниясы өнімінің граффити композициясы

**Tagging** – граффитидің осы түрінде көп жайттарда каллиграфия және түрлі жазу тәсілдерінен пайдаланған тәрізде мәтінді композиция жасалады.



93-сурет. Шрифтті граффити композициясы



**3D граффити** – аталмыш тәсілде жасалған граффити бейнелері өзіне тән орындау техникасынан көлемді көрінеді. Сол сияқты оптикалық иллюзияға ие композициялар тек қабырға емес, бәлкім асфальт беттеріне де істеледі.


Көше өнерінде граффити шығармаларымен бірқатарда муралдарды да кездестіруге болады. Граффити мен муралдың айырмашылығы тұрғысы, мурал (латынша “murus”, - “қабырға”) өте үлкен көлемдегі ғимарат қабырғаларына істеледі.



94-сурет.  
**Хасан Майчиев.**  
“Достық” муралы

**САКИНА МҲАМЕДЖАНОВА**  
ГРАФФИТИ ТӘСІЛІНДЕ ҚАБЫРҒА КОМПОЗИЦИЯСЫН  
ЖАСАУ КЕЗЕҢДЕРІ

1



2



3



4



5



1. Strit-art қандай өнер түрі, оның қайсы түрлерін білесің?
2. Граффити сөзі қандай мағынаны білдіреді?
3. Граффити және мурал бір-бірінен несімен ерекшеленеді?



Махалландағы эстетикалық тұрғыдан назардан тыс қалған қабырға бетіне “Достық”, “Туған жерім”, “Бақытты балалық” тақырыптарында граффити бейнелері үшін композиция жаса.



Мысырда граффити тәсілінде істелген ежелгі бейнелер сақталып қалған.

## БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ “СПОРТ ЖАРЫСТАРЫ” ТАҚЫРЫБЫНДА ҚАБЫРҒА БЕЙНЕ-ГРАФФИТИ ҮШІН КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ



95-сурет. «Спорт» тақырыбына декоратив композиция

21-  
тақырып**"АРМАНЫМДАҒЫ ҚАЛА"  
ТАҚЫРЫБЫНДА АРХИТЕКТУРАЛЫҚ  
КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ**

Адам әрдайым бір нәрсені арман етіп жасайды. Бұл армандар оны жаңалыққа ұмтылуға үндейді. Бұл ұмтылыс, бірінші кезекте, жасау жағдайымызда өз көрінісін табады. Осылайша әртүрлі жобалар жаратылып, арман-мүдделерімізді бейнелеуге ұмтыламыз. Бұл ұмтылыстар нәтижесінде өлкеміз жаңаша реңк алып баруда. Мұнда, әлбетте, жаңа жобалар орындаушылары – архитекторлар, дизайнерлер, суретшілер, қолданбалы өнер шеберлері мен құрылысшылар шығармашылық еңбегінің өз орны бар. Ұлттық сәулетшілік өнерінде дәстүрлер негізінде құрылған ғимараттарға Ташкент қаласындағы мешіттер, Ислам цивилизациясы орталығы (96-сурет) сияқты құрылыстарды енгізуге болады.

Самарқанд, Бұхара, Хиуа сияқты қалаларда шығыстық дәстүрлер негізінде құрылған ежелгі сәулет өнері ескерткіштерінде күмбез, мұнара, бетше босаға, арка сияқты бөліктер болған. Ежелгі сәулет өнерінде есік пен терезелер, текшелер де өзіне тән ерекшелікке ие болған. Мұндай элементтерден заманауи сәулет өнерінде де пайдаланып келінуде.



96-сурет. Ислам цивилизациясы орталығы. Макет

Сәулет өнерінің дамуында ұлттық дәстүрлерден тыс дүние сәулет өнерінде болып жатқан жаңалықтар да қажетті рөл ойнайды. Жақын жылдарда құрылған “Хумо арена” (98-сурет), “Бунедкор”, “Өзбекстан” спорт ареналары, Өлішер Науаи атындағы Ұлттық бақ пен Ұлттық кітапхана, “International”, “Hyatt R” сияқты қонақүйлер, Өзбекстан Ұлттық банкі, банктер ассоциациясы (97-сурет) ғимараттары заманауи қаламыз көрінісінің өзіне тән архитектуралық әшекейі болады. Сондай-ақ облыстарда да бірқатар заманауи ғимараттар құрылуда.

"Арманымдағы қала" тақырыбында архитектуралық композиция жасауға кірісуден алдын қаланың жалпы көрінісі, ондағы ғимараттардың құрылымы, әсіресе, перспективалық қысқаруларды белгілеп алу қажет. Перспективалық қысқаруда ғимарат, жол, ағаштар, жолдағы адамдар, автомобильдер алыстаған сайын кішірейіп баруын ескеру қажет. Тақырып бойынша композиция жасауда төмендегілерге назар аудару қажет: ғимаратты қандай мақсатта пайдалануға арналғаны, көшеде қандай көріністегі құрылыстар болуы, көше және оның айналасында қандай қосымша нысандар бар екендігі және сол сияқтылар.




97-сурет. Банктер ассоциациясы (сол жақта) және  
Өзбекстан Ұлттық банк ғимараттары




98-сурет. "Хумо арена" универсалды спорт сарайы








99-сурет. "Арманымдағы қала" тақырыбында композиция. Нұсқалар



100-сурет.  
“Арманымдағы  
қала”  
тақырыбында  
композиция.  
Нұсқалар




**САКИНА МҲАМЕДЖАНОВА**  
“АРМАНЫМДАҒЫ ҚАЛА” ТАҚЫРЫБЫНДА  
ЗАМАНАУИ АРХИТЕКТУРАЛЫҚ КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ КЕЗЕҢДЕРІ






5






6



7

8



**ЯКОВ ЧЕРНИХОВ**  
ЗАМАНАУИ ҚАЛА ҒИМАРАТТАРЫ  
ЖОБАСЫ ЭСКИЗДЕРІ



# 22-

тақырып

## ФОТОГРАФИЯДА КОМПОЗИЦИЯ

**Фотография өнері** – фотограф-суретшінің шығармашылық көзқарастарын көрсететін, фотосурет жасау технологиясына негізделген өнер түрі саналады.

Фотография өнерінің бірнеше жанрлары бар. Олар суретке түсіріліп жатқан предмет немесе нысан мазмұнынан келіп шыққан тәрізде пейзаж, портрет немесе әртүрлі жағдай, күнделікті өмір сахналары сияқты жанрларға бөлінеді. Фотографияның барша жанрларында бейнелеу өнердің композиция ережелеріне, соның ішінде бейне жасаудың визуал құралдары тізімі ретінде композициялық, перспективалық, бейне тональдігі және жарықтық ережелерін сақтайды.

Фотография өнерінде де композиция құрудың өзіне тән жақтарын ескеру талап етіледі. Мәселен, суретке алудан алдын нысандарды композициялық қатынасын сақтаған тәрізде кадрға дұрыс жайғастыру (компановка), вертикаль, көлденең, диагональ сызықтарға негізінен кадрды құру фотобейненің әсерлігін арттырады.

**Компановка** – суретке алудың бірінші кезеңі болып, кадрда фигураларды бір-біріне қарай, кадр ортасына қарай дұрыс орналастыруды білдіреді (*101-сурет*).




101-сурет. Дұрыс компановка




102-сурет. Қате компановка






103-сурет. Вертикаль сызықтар – берік тұрақтылық сезімін оятады



104-сурет. Көлденең сызықтар бейбітшілікті, кеңістікті, кеңдікті білдіреді



105-сурет. Фотографияда портрет. Ўзбекистон халық артисі Хикмат Латиповтың портреті



106-сурет. Фотографиядағы диагональ элементтері

Диагональ сызықтар – төмменге немесе жоғарыға әрекет динамикасы фотографияда мәнерлі кадр алудың негізгі шарттарының бірі саналады.

**Қызықты сюжет таңдау**

Табиғаттың кез келген қызықты жағдайы сюжетке айналуы мүмкін. Мәселен, хайуанат әлеміндегі қатынастар, табиғат оқиғалары, жаңбыр, тұман, найзағай, балалар қатысуындағы қызықты сахналар.



107-сурет. Зилола Сулаймонова. Фотоэтюд

**Жарықтық пен түс, бағытталған жарықтық** – нысанға жарықтықтар арқылы жарықтық, көлеңкелер және кейбір жайттарда жарқырау эффектін беру.



108-сурет.  
Фотографияда жарық пен түс қатынасын бейнелеу

**Таралған жарықтық** – нысанның барша беттерін бірдей етіп және тең түрде жарық беретін жарықтық.

Үй жағдайында суретке алу үшін ең қолайлы және қарапайым жарықтық көзі терезеден түсетін жарықтық болып табылады.



109-сурет.  
Фотоэтюд

**Түс** – бейнедегі түстердің ашықтығы, қанықтылығын білдіретін ұғым. Бейненің тональдігі ондағы ашық-қараңғы майдандардың қатынасымен бағаланады.



110-сурет. **Шахноза Садирова.** Фотографияда рең түсінің мәнерлігі

**Перспектива.** Фотографияда перспективаның бірнеше түрі қолданылады. Олардың ең негізгісі – **сызықты перспектива**. Перспективаның аталмыш түрінде нысандар бақылаушыдан алыстаған сайын олардың өлшемі де өзгеріп барады.



111-сурет. Фотографиядағы перспектива



Фотосуреттің түстілігі бейненің көрінісіне, әрекетке, позаға, сондай-ақ оның жеке элементтері динамикасына тән болған мағынаны танып білуді аздап баяулатады. Монохром (ақ-қара) нұсқада аудан пішінді ерекшеліктерін анықтау көрініске ие болады. Ал бұл фотосуретте көрсетілген бейнені едәуір жақсы “оқу” мүмкіндігін береді.



112-сурет. Шахноза Садирова. Фотографияда түстің көрінісі

**Фотоэтюд** – фотогалерея құралдары көмегінде орындалған этюд.



1. Фотография өнерінің қандай жанрларын білесің?
2. Фотография өнерінің бейнелі құралдары нелерден тұрады?
3. Мәнерлі кадр алудың негізгі шарттары қандай?



Смартфон фотокамерасы көмегінде "Менің досым", "Күнделікті өмірімнен бір көрініс", "Менің махаллам" тақырыптарында фотоэтюд суретке ал. Суретке алуда үйренген заң-ережелеріңді қолдан.

*O'quv nashri*

# Tasviriy san'at

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining  
7-sinfi uchun darslik  
(Qozoq tilida)*

Аудармашы Замира Абдиназарова  
Редакторы Ғалымжан Рахымбаев  
Көркем редактор Сарвар Фармонов  
Техникалық редакторы Акмал Сулейманов  
Суретші Умид Сулайманов  
Беттеуші-дизайнер Алимардон Ақилов  
Корректор Салима Искендерова

Басуға 03.07.2022-жылы рұқсат етілді. Пішімі 60x84  $\frac{1}{8}$ . «Arial» гарнитурасы.

Кеглі 12. Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 14,88.

Есептік баспа табағы 11,22. Таралымы 0000 нұсқа.

Тапсырыс № \_\_\_\_.

### Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырған- дағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						

**Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта  
тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі  
төмендегі бағалау мөлшерлері негізінде толтырады:**

<b>Жаңа</b>	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
<b>Жақсы</b>	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттеріне жазбаған және сызбаған.
<b>Орташа</b>	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері мүжілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
<b>Нашар</b>	Мұқаба былынған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, қанағаттанарлық емес. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.